

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
Әлеуметтік ғылымдар факультеті  
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ  
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:  
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»  
Халықаралық ғылыми семинар  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
Международного научного семинара  
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА  
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:  
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана  
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КеАҚ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ  
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»  
Халықаралық ғылыми семинар  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
Международного научного семинара  
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана  
20 сәуір, 2023 ж.**

### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Сомжүрек Б.Ж.** - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

**Асылбекова М.П.** - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

**Атемова К.Т.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Сейітқазы П.Б.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Шалғынбаева Қ.Қ.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Албытова Н.П.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Сламбекова Т.С.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

**Шолпанкулова Г.К.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Жубакова С.С.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Жукенова Г.Б.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Махадиева А.К.** - философия докторы (PhD), доцент м.а.

### **ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:**

**Сомжүрек Б.Ж.** - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

**Асылбекова М.П.** - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

**Атемова К.Т.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Сейітқазы П.Б.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Шалғынбаева Қ.Қ.** - доктор педагогических наук, профессор;

**Албытова Н.П.** – кандидат педагогических наук, профессор;

**Сламбекова Т.С.** - кандидат педагогических наук, профессор;

**Шолпанкулова Г.К.** - кандидат педагогических наук, профессор;

**Жубакова С.С.** - кандидат педагогических наук, доцент;

**Жукенова Г.Б.** - кандидат педагогических наук, доцент;

**Махадиева А.К.** - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

**УДК 378.1**  
**ББК 74.00**  
**Б. 94**

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

**Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе».** Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

**ISBN 978-601-337-842-8**

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

**УДК 378.1**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-337-842-8**

© **Формула печати, 2023**

**БУЛЛИНГКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТРЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҰМЫС  
ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**SOCIAL- PSYCHOLOGICAL PORTRAITS OF BULLYING  
PARTICIPANTS AND FEATURES OF WORK WITH THEM**

**Шалғынбаева Қ.Қ., педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы**

**Shalgyimbaeva K.K., doctor of Pedagogical Sciences, Professor,  
L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Astana, Republic of Kazakhstan**

**Аңдатпа:** Мақалада буллингке қатысушылардың әлеуметтік-психологиялық портреттері және олармен жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін айқындаудың маңыздылығы сипатталған. Буллинг жасөспірімдердің мәселесі болып табылады, өйткені бұл жас санаты қоршаған ортаның әсерінен аз қорғалған. Сондықтан жасөспірімдер басқаларға агрессорлар қолданатын қысым туралы айтуға қорқады, соның салдарынан ол тұйықталады, қорқыныш пен дүрбелең сезімі пайда болады. Осыған байланысты мектепте жасөспірімдермен және мұғалімдермен жұмыс жасай отырып оның алдын алу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ буллингтің пайда болуына уақтылы жауап беру үшін жасөспірімдердің сыныптағы мінез-құлықы мен басқа орталардағы қарым-қатынас орнату атмосферасына үнемі бақылау жасау қажеттілігі ескеріледі.

**Annotation.**The article describes the socio-psychological portraits of bullying participants and the importance of determining the specifics of working with them. Bullying is a problem for adolescents, as this age category is less protected from environmental influences. Therefore, adolescents are afraid to tell others about the pressure exerted by the aggressors, as a result of which he becomes withdrawn, a feeling of fear and panic appears. In this regard, the school takes into account the need to carry out preventive work with adolescents and teachers, as well as to constantly monitor the behavior of adolescents in the classroom and the atmosphere of establishing relationships in other environments in order to respond in a timely manner to the occurrence of bullying.

**Кілт сөздер:** агрессивті мінез-құлық, жасөспірімдер, буллер, буллинг, жәбірленуші, бақылаушы, қорлаушы, психологиялық ерекшеліктер және т.б.

**Keywords:** aggressive behavior, adolescents, bullying, victim, Observer, abuser, psychological features, etc.

Қазіргі таңда педагогика және психология ғылымдарында «буллинг» мәселесі аз зерттелген, бұл ұғымның нақты ғылыми анықтамасы жоқ. Буллингті зерттеуші ғалымдардың көпшілігі бұл ұғымды әлеуметтік биліктің немесе физикалық күштің теңсіздігіне негізделген мақсатты, үнемі

қайталанатын «агрессивті мінез-құлық» ретінде анықтайды. Мәселен, алыс-жақын шетелдік және отандық зерттушілерді атап айтсақ: И.А.Баева., В.Р.Петросянц., И.С.Кон., С.Н.Аюколопов., Н.Б.Токсанбаева., З.Б.Мадалиева., Г.Е.Санай., А.И.Булшекбаева., М.К.Сураншиева., Ұ.К. Қияқбаева және т.б. зерттеулерінде қарастырылған [1].

Алайда, буллингті топтың ерекше жағдайы ретінде сипаттаудың теориялық негізі француз ғалымдары Альфред Бине мен Рене Жирардтың теорияларынан басатау алса, тұлғаны қорлау факторы туралы скандинавиялық ғалымдар Д.Олвеус және П.П.Хайнеман және олардың ізбасарлары мен Ресей ғалымдары С.Н.Эниколопова., Е.А.Гусейнова., Ю.Е.Гусева., Л.В.Мардахаев., Л.С.Илларионова және т.б. зерттеулерінде көрініс тапқан [2].

Сонымен қатар, британдық ғалымдар Д.Лэйн., В.Ортоа және т.б. зерттеулер жүргізіп, буллингтің алдын алуға байланысты көптеген тиімді бағдарламаларды даярлаған [3].

Bullying сөзі ағылшын тілінен аударғанда "қорқыту", "кемсіту", "мұқату" дегенді білдіреді. Буллинг - агрессия немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені қорлауы, үстем екенін көрсетуі. Буллинг – ұжымның бір мүшесінің басқалары тарапынан агрессивті түрде қудалануы. Буллингті әдетте, бір лидер ұйымдастырады, ал қалғандары сыбайластары болып табылады. Бүгінгі күні агрессивті мінез-құлық өзінің психологиялық қолайсыздығымен тікелей байланысты деп айтуға болады. Себебі, балалар мен жасөспірімдердің қатыгез мінез-құлқының негізінде тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін бекітуге әсер ететін өзінің тәндік жарақатының тәжірибесі жатыр. Сондай-ақ, жасөспірімдердің агрессивті міне-құлқының өсуі, қоғам тарапынан сындарлы араласуды талап етеді. Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыруда мектеп педагог-психологтарына қолдау көрсету жөніндегі жоспар қабылданды» - делінген [4].

Олай болса, мектептегі буллингтің бір түрі «институционалдық зорлық-зомбылық». Бұл жасөспірімдерге физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік ұйымдастырылған әсер. Оның моральдық, психикалық, яғни адамгершілік, коммуникативтік және өмірлік, атап айтқанда баланың құқықтық және әлеуметтік мәртебесін төмендетеді, оған физикалық, психикалық және рухани азап әкеледі. Буллингтің бұл түрі «қорқыту» деп түсінгендер, басқаларға зиян келтіру деп санайды, ол зиян физикалық әсер ету түрінде көрінуі мүмкін. Мәселен, денсаулыққа физикалық зиян келтіру немесе заттарды тұтынуға зорлық-зомбылық жасау немесе психикалық әсер ету (қорқыту, вербалды қорлау).

Зерттеушілердің бір бөлігі «қорқыту» басқа тұлғаға физикалық немесе психикалық зиян түрінде көрінетін деструктивті өзара әрекеттесудің ерекше түрі деп санайды. Бұл тәсіл В.Р.Петросянц пен Д.Н.Соловьевке тән [5]. Ал Д.Олвеус., Т.Фалд., Е.В.Змановская қорқыту психикалық және физикалық денсаулыққа зиян келтіретін мінез-құлық түрі деп болжайды [2, 456]. Қорқытудың ең осал кезеңі – жасөспірімдік шақ. Бұл кезеңді ресейлік

психологтар «қалыпты патологияның» жасы деп атайды. Мысалы, Л.С.Выготский жасөспірімдік шақты тұрақтылардың қатарына жатады деп есептеп, «жасөспірімнің өміріндегі үлкен өрлеу кезеңі, жеке тұлғада жасалған жоғары синтез кезеңі» деп сипаттайы [6]. Демек, ғылымда жыныстық жетілу «қалыпты патология» және терең ішкі дағдарысқа дейі төмендететін теориялар. Жасөспірімдер дағдарысы көбінесе бүлік шығару, ересек адамның ережелеріне қатысты негативизммен қатар жүреді. Ересектерге өзінің агрессиясын көрсете алмау көбінесе физикалық тұрғыдан әлсіз болғандықтан, құрдастарына агрессивті мінез-құлықты жобалауға мүмкіндік жасайды [7].

Сөйтіп қорқыту – жасөспірімдер арасында үстемдікке негізделген топтық құрылымды қалыптастырудың табиғи қажеттілігін жүзеге асырудың деструктивті тәсілі бола алады. Бұл буллардың сыныптастары арасындағы әлеуметтік мәртебесін көтеруге деген ұмтылысының нәтижесінде әлеуметтік иерархияны туындатады. Соның салдарынан әркім психологиялық сипаттамаларға сәйкес рөлдерді таңдайды, яғни «буллар» немесе оны «қылмыскер»-деп және «жәбірленуші» болып жіктеледі [7].

Сонымен, буллелер (қылмыскерлер) жоғары агрессивті мінез-құлықпен өзіне деген сенімділік көзқараста бола отырып, құрдастарына қарағанда депрессияға ұшырамайды, мазасыз, жалғыз болады. Олар басқалардың эмоционалдық жағдайын жақсы біледі, сонымен қатар басқа жасөспірімдерді манипуляциялау дағдыларына ие болады. Алайда буллардың агрессивті мінез-құлық компоненттері оның мынадай бейнесін сипаттауға мүмкіндік береді: сабақтағы төмен үлгерім, дау-дамайға қатысу, ұрлық жасау, вандализм, суық қару сақтау, оларды қолдану.

Ал, қорқытудың «құрбандары» яғни жәбірленушіде керісінше: әлеуметтік оқшаулану, мазасыздық, оқу-іс әрекетіне қызығушылығының төмендеуі, қоғаммен қарым-қатынасында проблемаларының бар болуы. Сонымен қатар оларда ұйқының бұзылуы, асқа тәбетінің болмауы, әлсіздік сияқты психосоматикалық белгілер болуы мүмкін. Алайда олардың, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысы жоқ екендігін атап өтуге болады. Сондай-ақ, қорқыту жағдайында жәбірленушілерде зейін тапшылығы, аутизм спектрінің бұзылуы, қант диабеті, эпилепсия, салмағы бұзылған және созылмалы ауырудың пайда болуы, әсіресе сыртқы келбетіне әсер ететін жасөспірімдер жиі зардап шегеді.

Қорқытудың әлеуметтік құрылымы әдетте үш элементті қамтиды: буллар (қуғыншы), жәбірленуші, бақылаушы. Бақылаушылар ең аз тәуелділер, бұл қақтығыстарға мүлдем араласпауға мүмкіндігі бар, «бейтарап мүшелер», бірақ олардың әрекетсіздігі қорқытуды туындатады, алайда олар өте толерантты болады. Жасөспірімдер арасында буллинг пайда болған жағдайда, барлық білім алушылар буллингке тікелей немесе жанама түрде қатысады. Олар болып жатқан оқиғаларды бақылаушылар болып табылады.

Көпшілігінде жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың құрбандары кемшіліктері бар балалар болады. Бұндай кемшіліктер мына төмендегідей сипатта болады:

- **физикалық кемшіліктер:** дене кемістігі бар балалар – есту қабілеті төмендеген немесе қозғалысы бұзылған, көзілдірік киген, буллерге қарсы тұралмайтын, өздерін қорғай алмайтын, жиі ренжитіндер;

- **мінез-құлық ерекшеліктерінде кемшілігі бар балалар:** тұйық балалар, флегматиктер немесе импульсивті мінез-құлығы бар балалар. Бұлар гиперактивті, белгілі бір дәрежеде тым тітіркенгіш, ал құрдастарына қарағанда аңғал және тік мінезді. Олар басқа балалар мен ересектердің ортасына тез бейімделеді, олардың әңгімелеріне, ойындарына араласады, өз пікірлерін мойындатады, ойын барысында өз кзегін күтуде шыдамсыздық танытады. Сол себептенде олар жиі «кері соққы» алады, сөйтіп «жәбірленуші» де «қорлаушы» да болуы мүмкін. Көбнесе екуі де бір мезгілде болуы мүмкін.

- **сыртқы келбеттегі ерекшеліктер:** қызыл шаш, шығыңқы құлақтар, қисық аяқтар, басының ерекше пішіні, дене салмағы (толық немесе өте арық) және т.б. Бұл оны жалпы ортасынан ерекшелендіріп, мазақ ету нысанына айналуы мүмкін.

- **нашар дамыған әлеуметтік дағдылар:** ортамен қарым-қатынас орнату тәжірибесі мен өзін-өзі көрсетудің жеткіліксіздігіне байланысты ауызша және физикалық зорлық-зомбылықтан психологиялық қорғанысы дамымаған балалар. Бұндай балалар жәбірленушінің рөлін оңай қабылдайды, «демек мен бұған лайықтымын» деп іштей «қорлаушыны» мойындайды.

- **мектептен қорқу ерекшелігі:** бұл мектепке теріс әлеуметтік үміттермен баратындарда жиі кездеседі. Кейде бұл қорқыныш проблемалары бар ата-аналардан туындайды. Қорқыныштың қоздырғышы қатал мұғалім, нашар бағалар туралы отбасындағы әңгімелер, мектепке деген сенімсіздік пен қорқыныш танытатын бала, сыныптастарының қорлау объектісіне айналады.

- **ұжымда өмір сүру тәжірибесінің болмауы (үй балалары):** мектепке дейінгі мекемеге бармаған балаларда қарым-қатынас орнату мәселесімен күресу үшін қажетті дағдыларының болмауы, сондықтан олар балабақшаға барған балалардың эрудициясы мен дағдыларынан асып түседі.

- **денсаулығында кемістігі бар ауру балалар:** эпилепсия, гиперкинез, кекештену, энурез, энкопрез, сөз сөйлеу бұзылыстары (дислалия) тіл байлану, (дисграфия) сауатсыз жазу, (дислексия) оқуды үйренудің бұзылуы, (дискалькулия) санауды үйренудің бұзылуы және т.б., осындай құрдастары мазақ ететін және қорлайтын көптеген бұзылулар бар балалар.

- **төмен интеллект және оқудағы қиындықтар:** баланың төмен қабілеттері оның оқу қабілетінің төмендігін де анықтайды, нашар оқу үлгерімі оның өзін-өзі бағалаудың төмендігін қалыптастырады. «Мен оны жеңе алмаймын», «Мен басқалардан сорақымын» және т.б. Осылайша өзін-өзі бағалаудың төмендігі жәбірленушінің рөлін қалыптастыруға, ал екіншісінде өтемақы нұсқасы ретінде зорлық-зомбылық әрекеттеріне ықпал етуі мүмкін. Сондықтан ақыл-ойы төмен және оқуда қиындықтары бар балалар мектептегі зорлық зомбылықтың құрбаны да, зорлаушысы да бола алады.

Әдетте, мектептегі жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасы мазақ етуді, қыңырлықты қамтиды. Бұл қалыпты деп саналады. Алайда, егер бұл үдеріс бақыланбаса, онда зиянсыз әзілдер қорқыту санатына өтуі мүмкін.



Бұл құбылыстың күрделілігі мен ұзақтығы, жасөспірімнің басқа балалардың оған деген агрессивті көзқарасына және қорқытуға қалай әсер ететініне байланысты болады. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлық түрлері оның даралық ерекшеліктеріне және отбасындағы жағдайларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Атап айтсақ жасөспірімдерде олар мына төмендегідей агрессивті мінез-құлық ерекшеліктерінен көрінеді:

- жасөспірім басқаларға қарсы денелік күш жұмсауы (дене агрессиясы) немесе сөз, ақай, қорқыту арқылы өз сезімдерін білдіруі мүмкін (вербальды агрессия);

- жасөспірім нақты бір адамға арналған агрессиясын жанама жолмен ол туралы өсек-аяң тарату арқылы көрсетуі;

- жасөспірімдерде көбінесе пассивті-агрессивті мінез-құлық, яғни жасырын агрессия кездеседі, оларға айтқан істі орындамау немесе баяу орындап, берілген тапсырманы ұмытып, уақытты созып жүруі.

Отандық психологтардың зерттеулері бойынша бұндай физикалық және вербальды агрессияның көп кездесетін кезеңі 14-15 жас аралығына сай келеді. Осы өзгерістердің аясында жаңа қажеттіліктер пайда болады, жетекші қызмет түрі ауыстырылады, құрдастарымен қарым-қатынас және олардың пікірлері жасөспірім үшін маңызды болады, осыған байланысты көптеген қақтығыстар орын алады. Жасөспірімдер жанжалды жағдайларды - айыптау, агрессия және талаптар түрінде шешеді. Олар зорлық-зомбылықтың басым түрлерін қолданады: психологиялық және физикалық. Жанжалды жеңуге тырысып, жасөспірімдер психологиялық қорғаныс, эмоционалды және агрессивті реакция, физикалық қалпына келтіру, рефлексия сияқты механизмдерді қолданады. Бұл жаста сыртқы қақтығыстар – айналасындағы адамдармен, сондай-ақ өтпелі жасқа байланысты жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар орын алады.

Демек, бұл құбылыстар 7-9 сыныптарға тән, ал 10-11 сыныпқа келгенде олар тәрбиелі болып шыға келеді, ол кезде ұрысуға да уақыт таппайды, өздерінің оқу үшін келгендерін түсіне бастайды. Алайда агрессия кез келген жаста болуы мүмкін, 1-11 сыныптар аралығында, бірақ 8-9 сыныптарда олардың ағзаларында гормондық толқыныс болып жатқандықтан олар өз эмоцияларын сыртқа көбірек шығарады. Өскен сайын оларда сабырлылық пайда болады. Осы орайда, мектеп мұғалімдері мен психологтарының пікіріне құлақ түрсек, агрессивті мінез-құлық шеңберіндегі «қатер топқа» 8-9 сыныптағы жасөспірімдер кіреді. Бұл жас кезеңі өте жоғары деңгейде кездесетін өзіне көңіл аударту, менмендік, өзі және өзінің басқаларда қалдыратын әсері туралы үнемі ойлап жүру, соның салдарынан болатын ұялшақтық сезіммен сипатталады.

Адам дамуының жасөспірімдік кезеңі қиын, әрі күрделі екендігін міндетті түрде атап кету керек. Себебі, бұл қиындықтар тек жоғарыда келтірілген сипаттармен ғана шектеліп қалмайды, ол біріншіден, пубертаттық (жыныстық жетілу) дағдарыс, жасөспірімдік ұқсастық дағдарысымен сипатталады, бұл дағдарыстан сәтті өту болашақ тұлғаның жақсы, дұрыс агрессивті емес болып қалыптасуына көмектеседі. Осылайша, қорқыту тек құрбандар мен агрессорларды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір психологиялық

ерекшеліктері бар және белгілі бір рөлдерді атқаратын барлық басқаларды қамтитын әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылуы керек.

Осыған орай қорқытуды жеңу бойынша психологиялық-педагогикалық қызметтердің негізгі міндеттерінің бірі – жасөспірімдердің агрессияны сындарлы басқару дағдыларын дамытудың кешенді түзету бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Бұл бағдарлама мынадай психологиялық-педагогикалық қағидаларға негізделуі тиіс:

- түзету, алдын алу және дамыту міндеттерінің жүйелілігі;
- түзету мен диагностиканың бірлігі;
- баланың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу;
- балаға психологиялық әсер ету әдістерінің кешенділігі;
- түзету бағдарламасына қатысуға жақын әлеуметтік ортаны тарту.

Демек, психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстары нәтижесінде агрессивтіліктен арылу ғана емес, оның көрініс беруіні әкелетін себептерді жоюға, баланың мінез-құлқында белсенді қолданылатын құралдарды кеңейтуге бағытталуы керек. Біз қарастырған психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен тәжірибелерде агрессияны түзету жұмыстары жүргізілетін мына төмендегідей бағыттар ерекшеленеді. Оларға мыналар жатады:

- агрессивті балаларды анықтауды әлеуметтік тұрғыдан қолайлы түрде білдіру тәсілдеріне үйрету;

- баларды өзін-өзі реттеу әдістеріне және өзін-өзі басқару дағдыларына үйрету мүмкін болған жанжалды жағдайларда ізгілікті қарым-қатынас орната білу дағдыларын дамыту;

- жасөспірімдердің эмпатия және адамдарға деген сенім сияқты жеке қасиеттерін қалыптастыру (бұл бағытты жүзеге асырудың тиімді әдісі үйлесімсіз реакцияларды индукциялау әдісі, оған әзілдеу және күлкі, сондай-ақ, басқа адамдардың жағдайына назар аудару).

Сөйтіп, жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзету үдерісінде мінез-құлқы өзгертуге ие болады. Бұл өз кезегінде жасөспірімдердің өзін, оның қажеттіліктерін, эмоционалдық күйлерін түсінуі мен қабылдауын дамытуға және жағымсыз эмоцияларын білдіру дағдыларын дамыту мен, әлеуметтік қолайлы формалардағы қажеттіліктерді қанағаттандырумен бірге адамдардың эмоциялары мен қажеттіліктерін қабылдауға септігін тигізеді.

**Қорыта келгенде**, бүгінгі таңда біздің еліміздегі жалпы білім беру ұйымдарында көптеген жағымсыз жайыттар орын алуда, бірақ мектептерде зорлық-зомбылық кездеседі деп айтудың қажеті жоқ. Өйткені, әрқайсымыз жақсы қарым-қатынаста болған, білім берген ұстаздарымызды еске түсіре аламыз. Сондықтан мектептегі қорлау әдеттегі құбылысқа айналмауы және агрессия мінез-құлқы нормасы ретінде қарастырылмауы өте маңызды. Өйткені, жасөспірімдердің пластикалық психикасы, олардың өзін-өзі тануы және ересектердің даналығы, орынсыз рөлдердің салдарын жеңуге көмектеседі - дей келіп мектеп мұғалімдері мен ата-аналарға мына төмендегідей ұсыныстарды беруді жөн көрдік:

- физикалық немесе психологиялық күш көрсетуге бейім тұратын жасөспірімдерді бақылауға алу;

- жасөспірімдер арасында жасырын сауалнама жүргізіп, буллингтің көлемі мен себептерін туралы мәліметтерді жинақтау, бұл сіздерге балаларды қорғау шараларын анықтау үшін қажет;
- жасөспірімдермен жеке және топтық әңгіме жүргізу, олардың сезімдерін бағалап, кінәлілердің әрекетіне рухани баға беріңіз;
- мектептегі буллингті болдырмайтын (жою) комитетін құрыңыз, сол арқылы оқытушылар мен ата-аналарға көмектесіңіз;
- жасөспірімдер арасындағы жарасымды қарым-қатынасқа ықпал ететін іс-шаралар жоспарын құрастырыңыз;
- «айыптылармен» міндетті түрде әңгіме жүргізіңіз және олардың ата-аналарымен сөйлесіңіз, әңгімелесу барысында айыптыларды мәселені шешуге қатыстырыңыз;
- жәбірленген балаларды анықтап, оларға көмектесіңіз;
- ата-аналармен буллинг себептерін талқылаңыз, себебі буллингке барушылардың көбісі «берекесіз» отбасынан шығады;
- жасөспірімдерге жақсы көңіл-күймен қарап, жайдарлылық көрсетіп, оларға сенім білдіріп, белсенді іс-әрекеттерге шақырып, олардың жетістіктерін мадақтап «кері байланыс» жасап отырыңыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Психология» сериясы. № 2 (63) 2020 ж.
2. Молчанова Д.В., Новикова М.А. Противодействие школьному буллингу: анализ международного опыта [Электронный ресурс]. М.: НИУ ВШЭ, 2020. 72 с. URL: <https://ioe.hse.ru/pubs/share/direct/408114229.pdf> (дата обращения: 18.11.2022).
3. Лэйн Д.А. Школьная травля (буллинг) // Детская и подростковая психотерапия / под ред. Д. Лэйна и Э. Миллера. СПб., 2001
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында
5. Гринева Р.И. Явление буллинга в школе: учителя-жертвы [Электронный ресурс] // Вопросы педагогики. 2020. № 11-2. С. 127-129. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44305912> (дата обращения: 18.11.2022).
6. Новикова М.А., Реан А.А. Семейные предпосылки вовлеченности ребенка в школьную травлю: влияние психологических и социальных характеристик семьи // Психологическая наука и образование. 2018. Том 23. № 4. С. 112—120. DOI:10.17759/pse.2018230411
7. Selekman Janice, Vessey Judith A. Bullying: It Isn't What It Used To Be // Pediatric Nursing. 2004. Vol. 30. № 3.